



Сайыстың тақырыбы:
Менің кіші Отаным

Сайыстың мақсаты: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы аясында туған өлкеміз Маңғыстаудың ,қазақ елінің тарихы, географиясы, табиғаты, киелі орындары, сәулет өнері, өлкеге және республикамызға байланысты басқа да елеулі, маңызды мәліметтерді қамтыған зияткерлік-танымдық сайыс арқылы оқушы жастарды өлке тарихын терең тануға, отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың шығармашылық қабілетін дамаыту, жастарды жан-жақты біліктілікке баулу.

Сайысты өткізу тәртібі:

- Барлық топтар бір уақытта, бір залда ойнайды.
- Топтың міндеті-жүргізушінің берген сұрағына 1 минут ішінде жауап беру керек.
- Жауаптар жазбаша түрде секунданттарға тапсырылады.
- Жүргізуші сұрақтың нөмірін айтады, сұрақты береді де,
«Уақыт басталды» деп айтады, талқылауға 1 минут , параққа жазу үшін қосымша 10 секунд беріледі.
- Әрбір дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

Сайысқа 4 топ қатысады, әр топта 5 қатысушыдан болады.

1 топ-«Шерқала»

2 топ-«Тамшалы»

3 топ-«Үстірт»

4 топ-«Каспий»




I. Кезең. «Сен білесіңбе?»



1. Маңғыстау облысының
құрылған жылы?

Жауап:
1973 ЖЫЛЫ





2. Каспий теңізі дүние жүзіндегі ең үлкен көл.
Ол ағынды көл ма, ағынсыз көл ма?

Жауап:

АҒЫНСЫЗ КӨЛ





3. «Үстірт» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

Жауап:

Үстіңгі жұрт






4. Маңғыстаудың жеті қайқысын ата:

Жауап:

Досат, Әділ, Жылкелді, Шолтаман, Тастемір,
Тұрсын, Өскенбай



5. «Шыңырау» дегеніміз не?



Жауап:

Өте терең құдық


An aerial photograph of a mountainous region. The terrain is rugged and brownish, with several peaks. A central peak is highlighted with a blue glow, indicating it is the highest point. The text '6. Маңғыстау облысының ең биік нүктесі:' is overlaid on the image.

6. Маңғыстау облысының ең биік нүктесі:




Жауап:

Шығыс Қаратау жотасындағы Бесшоқы тауы,
биіктігі теңіз деңгейінен 556 м жоғары



7. Маңғыстауда 1850-1857жж айдауда
болған ақын?

The background of the slide is a close-up photograph of a book cover. The cover features a repeating pattern of stylized, light-colored flowers or leaves on a darker, textured background. The pattern is somewhat faded and the colors are muted, with shades of brown, tan, and light beige. The overall appearance is that of an antique or vintage book cover.

Жауап:
Т.Шевченко



8. Баутин кентінің ескі атауы?

Жауап:
Форт-Шевченко




**9. «1000 теңгелік» ақша купюрасында
бейнеленген тау?**



Жауап:

Бозжыра тауы





10. Маңғыстаудың жеті кереметі:



Жауап:

Эмблема, Арқалар, Боталы аруана, Шерқала,
Адай жылқысы, Балбал тас, Каспий теңізі

11. Маңғыстау жерінде мекендеген, жылан
культін ұстанған мәдени ортаның
адамдары?

Жауап:
Дайлар





II. Кезең «Бәйге»

1. Ақтау қаласының оңтүстік -шығысы, Құрық кентінің солтүстік- шығыс жағында орналасқан, теңіз деңгейінен 132 метр тереңдікте орналасқан ойпат қалай аталады?

Жауап:

Қарақия ойпаты



**2. Маңғыстаудағы 1870 жылғы көтеріліс
басшыларын ата.**



Жауап:

Иса мен Досан

3. Маңғыстау облысы қай жылы таратылды?



Жауап:

1988 жылы 2 маусым

**4. Шоғының лақап аты
Қырықмылтық. Бұл атау алғашқы
кезде неге байланысты айтылған еді?**

Жауап:

Шоғының қасында жүрген, түгелге жуық
мылтықпен қаруланған жігіттерге
байланысты айтылған



5. Маңғыстауда құрылған қорық?


Жауап:
Үстірт



6. Қазақстандағы АЭС қай қалада
орналасқан?

Жауап:
Ақтау





7. Көріпкел, әулие, сәулетші Бекет
Мырзағұлұлының өмір сүрген жылдары?

Жауап:

1752-1810 жж



8. Маңғыстау дербес облыс болып, қай жылы құрылды?

Жауап:


1990 жылы 17 тамыз



9. Бозашыдан Хорезм мен Хиуаға жүретін жол бойындағы тау, ұзындығы 300 метр қамал аты. Арабшадан аударғанда “жолбарыс” деген мағына білдіреді?

Жауап:
Шерқала






10. Хорезм мен Маңғыстау арасындағы керуен жолының бойына орналасқан ескілікті сәулет өнер ескерткіші, Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті?

Жауап:
Сұлтан епе





11. Маңғыстаудағы жартастан шауып жасалған жер асты төрт бөлмелі мешіт?

Жауап:
Шақпақ ата





Қорытынды